

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1 - Б.277-279

ШЫМКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕНДРОЛОГИЯЛЫҚ САЯБАҒЫ АУМАҒЫНДАҒЫ КӘДІМГІ ЕМЕН, ҰСАҚ ЖАПЫРАҚТЫ ЖӨКЕ, ВИРГИНДІК АРША ТҮРЛЕРІНІҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ ӘСЕРІ

Мазаржанова Қ.М., Садық Ә.С.

Өсімдіктердің бүкіл тіршілігі қоршаған ортамен тығыз қарым – қатынаста. Олардың өсуі, дамуы және өнімділігі әртүрлі тіршілік иелері мен сыртқы орта жағдайларына, топырақ пен ауаның ылғалдылығы мен температурасына байланысты болады. Қоршаған ортаның жағдайлары ағаш және бұта түрлерінің өсу жағдайларына және тұрғылықты жердегі тірі ағзалармен өзара қарым-қатынасы үйлесімді сай келсе, оларда морфологиялық және функционалдық өзгерістерге ұшырамайды, зат алмасу үрдістері жақсы жүреді, сонымен қатар жақсы өсіп дамиды. Егер де ортаның қандай да бір факторлары оптимумнан аяқ астынан ауытқыса немесе ағаш және бұта түрлеріне басқа ағзалар шабуыл жасаса, онда оның зат алмасу процесі мен физиологиялық қызметтері бұзылуы мүмкін, көбіне өсімдіктің сыртқы түрі мен анатомиялық құрылысын өзгертуіне алып келеді және де ауру мен патологиялық процестерге әкелуі мүмкін [1].

Өсімдіктердің соның ішінде ағаш бұта түрлерінің көпшілігі кең таралған және зиянкес аурулары саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустар және басқа да микроағзалар арқылы ауырады.

Ағаш – бұта түрлері ауруларының таралуы мен дамуы, оларға зиян келтіруі, ұжымдардың орман шаруашылығын жүргізу жұмыстарының техникалық деңгейіне, топырақ пен басқа жағдайлардың деңгейіне және екпелердің жасы мен құрамына байланысты.

«Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» МКҚК-ы аумағындағы ағаштектес түрлердің арасында ауру мен зиянкестерге ең төзімді түрлер: шынар жапырақты және далалық үйеңкі, жапондық қағаз ағаш, биік айлант, жіңішке қанатты птерокария, хубейлік эводия және сірке ағашы. Ауру мен зиянкестерге онша төзімді емес түрлерге сән ағашы, кәдімгі емен, нағыз тау пістесі, ұсақ жапырақты қарағаш, пенсильвандық шаған және кәдімгі атбас талшын. Бұталардың ішінен осы жылы ауру мен зиянкестерге ұшыраған түрлерге кәдімгі айва, аюбадам, кәдімгі шиі және алша жатады [2].

«Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағының» аумағында өткен тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде, зиянкестерге ұшыраған ағаш

түрлері зерттелді. Зерттеу нәтижесінде, кәдімгі емен, ұсақ жапырақты жөке, виргиндік арша түрлерінен зиянкестер табылды. Осы ағаш түрлерінен зиянкес жапырақ ширатқыш көбелегі, комсток құрты және дендросаябақ аумағындағы №21 учаскесінен құс-құт паразиті табылды.

Жапырақ ширатқыш көбелектер (*Tortricidae*) – қабыршақ қанаттылар отрядына жататын ұсақ көбелек. Далалы және орманды-далалы белдемдер мен Азияның жалпақ жапырақты тропиктік ормандарында, сондай-ақ шөлді аймақтарда 5000-нан астамы кездеседі, ал елімізде 1000-ға жуық түрі белгілі. Жапырақ ширатқыш көбелектердің жайылған қанатының ұзындығы 8 – 40 мм. Алдыңғы қанаты ашық түсті, ал артқы қанаты сұр түсті келеді. Жасыл, қоңыр не сары түсті жұлдызқұрттары (ұзындығы 10 – 20 мм) өздері түзетін пілләсімен (жібек жіптерімен) өсімдіктің жапырағын орап жатады, көбелектердің аты осыған байланысты қойылған. Жапырақ ширатқыш көбелектердің негізінен жұлдызқұрты қыстап шығады. Бұлардың көпшілігі – уылдырық шаруашылығы мен орман шаруашылықтарының зиянкестері. Мысалы, жеміс жегілері, емен ширатқыш көбелегі (1-сурет.).

Күрес шаралары: ерте көктемде ағашты фосфорлы, органикалық, бактериялық препараттармен, әр түрлі инсектицидтермен бүрку арқылы алдын алу жұмыстары жүргізіледі [3].




1-сурет. Кәдімгі емен жапырағынан табылған жапырақ ширатқыш

Дендрологиялық бақ аумағынан аршадан комсток құрты- (*Pseudococcus Comstockii* Kuw.) табылды (2-сурет). Бұл кокцид-ақ ұнтақты құрт, қауіпті зиянкес, ол шамамен 300-ге жуық өсімдік түрлерін зақымдайтындығы анықталған. Әсіресе олар: тұт ағашын, көкөністер және басқа да екпе ағаштарын зақымдайды және көптеген елдерде таралған. Ол ғалымдардың пайымдауынша КСРО кезінде Жапониядан келген.

1939 жылы Өзбек КСР-нің Ташкент қаласында Қазақ КСР-нің Оңтүстік облыстарында табылған. Бір жыл ішінде 3 ұрпақ береді. Қыркүйек-қазан айларында қыстауға кетеді, ал ерте көктемде баспаналарынан шығады. Ересек аналықтың денесінің көлемі 5-6 мм-ге дейін жетеді және балауыз, ақ ұнтақты жабындымен жабылған. Әрбір аналық өзінің жұмыртқаларын өсімдіктерде, топырақтарда, ағаш қуыстарында және тағы да басқа жерлерде 300-ге дейін жұмыртқалайды, ақ-сары түсті, сопақ пішінді және өлшемі 0,2 мм-ге дейін жетеді [4].

Ерте көктемнен шыққаннан кейін комсток құрты біріге шоғырланып жапырақтардың, бұталардың, жидектердің, тамырлардың шырындарын сорады. Жазда ол өсімдіктерде қара саңырауқұлақтар пайда болады, соның әсерінен өсімдіктің тыныс алуын және басқа да өмірлік процестерін тоқтатады.



2-сурет. Виргиндік аршадан табылған комсток құрты

Күресу шаралары биологиялық, жерсіндіру жолымен және паразиттік псевдофика құртын қолдану арқылы. Бұл ең тиімді тәсіл болып шықты.

Дендросаябақтың әкімшілік аумағындағы 0,05 га жерде өсіп тұрған 46 дана виргин боз аршасы зиянкес комстока құртымен (*Pseudococcus comstocki* - червец комстока) зақымдалғаны анықталынып, РМК (РГП) фитосанитария қызметкерлерінің қатысуымен осы 46 дана виргин аршалары 6,281 л актеллик пестицидімен өңделді. 2017 жылы 25 шілдеде дендросаябақ аумағында комстока құртын залалсыздандыру жүргізілді (2-сурет).

Сонымен қатар, дендросаябақтың аумағындағы №21учаскесінен құс-құт паразиті табылды. Бұл паразитке қарсы механикалық жолмен күрес жүргізіледі. Құс-құт паразитін трактордың көмегімен жинап бөлек жерге апарып, қуратып өртейді. Дендросаябақтың ғылыми аймағында құс-құт паразитінің ошақтары бар екені белгілі болды және ол 150 мл яғни 3-дана «Ураган форте» гербицидімен өңделген.

Жалпы аталған зиянкестердің кейбір түрлеріне, соның ішінде кәдімгі емен түріне қаратә-зеонмен күресу шаралары жүргізілді.

Зиянкестердің және аурулардың таралуының алдын – алу мақсатында ағаш-бұталардың вегетациялық кезеңіне сәйкес, ерте көктемде яғни ағаш-бұталар оянбай тұрған кезде, көктемде ағаш-бұталар гүлдеп болғаннан кейін және жаз мезгілінде яғни жыл бойы 3 рет өңдеу қажет.

Дендросаябақ аумағында зиянкестермен зақымдалған ағаштар аса көп емес. Дендросаябақ болғандықтан зиянкестерді жою мақсатында әр түрлі жыл сайын зерттеу жұмыстарымен, іс-шаралар жүргізіледі. Зиянкестерді жою мақсатында химиялық іс-шараларды атап кетсек болады, соның ішінде актеллик пестициді. Бұл химиялық күрес шарасының арқасында виргин боз

аршасының зиянкесі жойылды, яғни дендросаябақ аумағындағы виргин аршасы залалсыздандырылды.

Осы зерттеу тәжірибесі біз үшін үлкен тәжірибе болғандығын атап айтқым келеді. Университет қабырғасында теория жүзінде алған білімімізді жетілдіріп, өз мамандығымыз бойынша көптеген мәліметтерді меңгеріп шыңдауға үлкен мүмкіндік болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Nabil El-Wakeil December with 27,152 Reads DOI: 10.1007/s10343-013-0308-3

2. Оңтүстік Қазақстанда ағаш-бұта өсімдіктерінің және жануарлар дүниесінің гендік

қорын сақтау және көбейту. -Шымкент : КІТАП , 2012. - 132 б.

3. Вредители леса. Лесная энциклопедия / Гл. редактор Г. И. Воробьев. — М.:

Советская энциклопедия, 1986. — Т. 1. — 563 с. — 100 000 экз.

4. Сельскохозяйственная энциклопедия.Т.5 (Т-Я)/Ред. коллегия: П.П. Лобанов (глав

ред). Издание третье, переработанное-М., Государственное издательство сельскохозяйственной литературы, М.1956, с. 663